



ҚМГ ҰК басшысы – Атырауда

Желтоқсанның 23-24 күндері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаев Атырау облысында жұмыс сапарымен болды. Ұлттық компания басшысының сапарына ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервисі жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев, ҚМГ ҰК басқарушы директорлары Есен Қайыржан және Дәулетжан Хасанов қатысты.

Сапардың алғашқы күні ҚМГ ҰК басшысы Прорва кен алаңдары тобындағы өндірістік нысандарды аралап, Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшесі «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің «Прорва» орталық мұнай дайындау пунктінің жұмыстарымен танысты. Ал, кешке ҚМГ ҰК басшысы және Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаевпен бірге облыстың мұнайшы ардагерлерімен кездесті.

2-бетте ►►

Бүгінгі санда:



Акцияларды сатып алу бойынша сауда-саттық қорытындысы

3



«Қаражанбасмұнай» АҚ «Парыз» сыйлығын иеленді

4



«Argymak Trans Service» ЖШС ұжымдық шартқа қол қойды

6

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Жаңа 2019 жылмен шын жүректен құттықтаймын. Келер жыл әрбір шаңыраққа ырыс-береке әкелсін!

2018 жылы біз үлкен еңбек ұжымы болып, көптеген ауқымды жұмыстар атқардық. Кен орындарында жаңа нысандар бой көтеріп, пайдалануға берілді. Өндіріске озық технологиялар енгізілді. Мұнай өңдеу зауыттары жаңғыртылды. Жаңа өнімдер шығарыла бастады. Осы жолда әрқайсыңыз қажырлы еңбек етіп, өз үлестеріңізді қосып келесіздер.

Қымбатты мұнайшылар, өткен жылы жеткен жетістіктеріміз, өндірістегі іргелі істеріміз жаңа жылда да жемісті жалғасын тапсын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Жаңа жылда игі тілектеріңіз, арман-мақсаттарыңыз орындалсын!

Жаңа жыл құтты болсын, мұнайшы қауым!

Алик АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы



КазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

2018 жыл аяқталуға жақын, сондықтан осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сіздерге «КазМұнайГаз»-дағы іске шын берілгендіктеріңіз, жұмысқа деген ынталарыңыз үшін, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне деген ұстанымдарыңыз үшін алғыс айтқым келеді. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары ретінде жұмыс істеп жүргенде, 2018 жылы «КазМұнайГаз»-дың қауіпсіздік саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгеніне өзім куә болдым. Алғаш рет Компанияның тарихында 12 айлық кезеңде еңбек қызметімен байланысты өлімге алып келген жазатайым оқиғалары бойынша НӨЛДІК көрсеткішке қол жеткізілді. Еңбек қабілетсіздігіне әкеп соққан (еңбек қызметіне байланысты жарақат алу нәтижесінде бір күннен асатын кезең) жазатайым оқиғалардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 35% азайды. Мұның барлығы Компанияда жыл өткен сайын қауіпсіздік мәдениетінің артқанын әрі нығайғанын рас-

Басқарма төрағасының қауіпсіздік мәселелеріне арналған жолдауы

тайды. Сол үшін Сіздердің баршаңызға алғыс білдіргім келеді.

Алайда, 2018 жыл жазатайым оқиғасыз жыл болған жоқ – өндірісте әлі де болса оқыс оқиғалар орын алып отыр. Біз Компанияның және мердігер ұйымдардың әрбір қызметкерінің әрқашанда жұмыстан аман-есен, жарақат алмай үйіне оралуына ұмтыламыз! Біз әрқашанда 100% қауіпсіздікке қол жеткізу мақсатында үздіксіз жұмыс істейтін боламыз!

Біздің қызметкерлердің, мердігерлердің және жергілікті халықтың денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы тынымсыз еңбегіміз «КазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнесінің ұзақ мерзімді әрі табысты болуының басты факторы болып табылады. Біз қауіпсіздік бойынша негізгі құндылықтарға ортақтасатын, өндірістің жоғарғы стандарттарына ұмтылатын кадрлық әлеуетті тарту, дамыту және сақтау арқылы қауіпсіздік мәдениетін ұдайы алға жылжытатын боламыз.

Компанияда қауіпсіздік бойынша бірқатар қағидалар, рәсімдер және стандарттар әзірленіп енгізілді. Үлкен жұмыс атқарылды, десе де, бұл – жеткіліксіз. Біз ұжымның барлық деңгейлерінде, ҚМГ нысандарында жұмыс

атқарып жатқан әрбір қызметкер үшін оның ажырымас бөлігі болып табылатын қауіпсіздік құндылығын енгізу жұмысын және қауіпсіздік мәдениетіне ұмтылысты ары қарай жалғастыруымыз керек. Бұл құндылық жұмыстан тыс уақыттың өзінде де сіздің өміріңіздің ажырамас тұрақты бөлігі болуы тиіс. Себебі, қауіпсіздік мәдениеті дегеніміз – ойлану қабілетін, жұмысқа деген қарым-қатынасты қалыптастыратын жазылмаған нормалар мен стандарттар жиынтығы.

Қауіпсіздікке деген ұмтылыс басшылықтан басталады. Алайда, басшылық жеке өзі барлық жерде қауіпсіздік мәдениетін ұдайы қамтамасыз ете алмайды.

Егер сіздердің әрқайсыңыз қауіп тудыратын жағдайлар мен әрекеттерді байқасаңыз, әрі бұл жайында ашық түрде айтатын болсаңыз, ал сіз жүгінген адамдар, сізді тыңдайтын болса, яғни жұмыс орындап жатқан қызметкер болсын, не өзіңіздің басшыңыз болсын сізді тиісті жабдықпен қамтамасыз етіп және жұмыстардың қауіпсіз орындалуын үйретсе, осы көрсетілген міндеттеме мені қоса алғанда, ҚМГ-ның әрбір қызметкерінің ұстанымы болуы қажет.

Біздің мақсатымыз – тек қауіпсіздік талаптарын сақтау ғана емес, әрбір адам

қауіпсіздік техникасының жағдайын жасқартуға ұмтылатын, қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілікті сезінетіндей жағдай жасау.

Қауіпсіздік мәдениетін құру дегеніміз – аялдамасы жоқ жол. Біз ешқашанда қол жеткен табысқа тоқмейілісіп, тоқтап қалмауымыз керек. Бұл – заман талабы; бұл жол бойынша ұдайы алға ұмтылу адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне үйретеді және бізді үнемі қауіпсіздік техникасын сақтауға жетелейді. Оны жетілдіру үшін орындалуға тиіс талаптардың барлығын бізден талап етеді. Қазақстан бойынша мұнай-газ саласындағы үздік компания болайық! Сондай-ақ, қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту бойынша үнемі алға ұмтылайық!

Сіздерге тағы да іске деген адалдықтарыңыз, қауіпсіздік бойынша көрсеткіштерді жақсартуға қосқан үлестеріңіз және «КазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің тиімділігін арттырғандарыңыз үшін алғыс айтамын.

2019 жыл Сіздер және сіздердің отбасыларыңыз үшін қауіпсіз, салауатты әрі табысты жыл болуына тілектеспін!

А.АЙДАРБАЕВ,
«КазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

ҚМГ ҰК басшысы – Атырауда

«I-бемме»

– Мемлекетіміздің толағай табыстарға жетіп, көптеген әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне ерекше үлес қосқан мұнай-газ саласы ел тәуелсіздігін нығайтуда маңызды орын алатынын баршамыз білеміз. Осы саланың дамуына және өркендеуіне үлес қосқан сіздердің ерен еңбектеріңізді біз ұмытпаймыз, халық ұмытпайды. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз егемен еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына қомақты үлес қосқанын ерекше атап өткім келеді, – деп Ұлттық компания басшысы облыс ардагерлерін келе жатқан мерекемен құттықтады.

Кездесуге қатысқан ардагерлер өз кезегінде Ұлттық компанияның ел экономикасының локомотиві саналатын мұнай-газ өндіру саласының дамуына қосып жатқан зор үлесін жоғары бағалады.

Сапардың екінші күні А.Айдарбаев ірі мұнай-газ операторлары – ҚМГ ҰК еншілес және тәуелді компаниялары басшыларымен кездесіп, жиын өткізді.

– Ұлттық компания үшін Атырау облысында жүзеге асып жатқан жобалар үлкен маңызға

ие. Олар – Теңіз және Қашаған жобалары. Бұл аймақта «Ембімұнайгаз», «КазТрансОйл» және «КазТрансГаз» акционерлік қоғамдары, мемлекетіміздің үш мұнай өңдеу зауытының бірі – Атырау мұнай өңдеу зауыты өз жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ, ҚМГ ҰК мамандарының тікелей қатысуымен газ-химия кешенінің құрылысы басталды. Сондықтан ел экономикасының мұнай-газ секторын одан әрі дамыту перспективалары осы өңірмен тығыз байланысты, – деп атап өтті сөз сөзінде Алик Серікұлы.

Жиын барысында ҚМГ ҰК басшысы мұнай-газ саласындағы жағдайларға бағасын беріп, компаниялардың қызметі мен өзекті мәселелеріне тоқталды.

– «Ембімұнайгаз» АҚ ескі кен орындарын игеріп жатқанымен белсенді жүріп жатқан геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде мұнай өндіру жоспарын тұрақты орындап, қорларды толықтыру тапсырмасын да сәтті жүзеге асырып келеді. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Компанияда үлкен және ұйымшыл ұжым жұмыс жасап жатқандығын атап өткім келеді. Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының жұмысымен танысу барысында мен бірқатар

себептер бойынша уақытылы іске қосылмаған күкірттен тазарту қондырғысынан (LO-CAT) басқа жалпы нысанның іске қосылып, жұмыс жасап тұрғанына көз жеткіздім. Ал, аталған мәселе жақын арада шешімін тауып, қондырғы іске қосылады деген сенімдемін, – деп атап өтті ҚМГ ҰК басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, Прорва кен алаңдары тобында ілеспе мұнай газын залалсыздандыруға арналған Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында іске қосу мен жөндеу жұмыстары 2017 жылы басталған еді.

Іске қосу мен жөндеу жұмыстары барысында аталған қондырғының негізгі элементтері кезең-кезеңімен шығарылып, пайдалануға берілді. Алайда, іске қосу мен жөндеу жұмыстары кезеңі жобаның бас мердігерінің газ күкіртін тазарту қондырғысын (LO-CAT) бастау бағытындағы міндеттемелерді уақытында орындамауына байланысты іске қосу кезеңі кейінге қалдырылды. Бұл жұмыстар әлі күнге дейін жалғасуда. Қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту мақсатында Компания 2017 жылдың қараша айынан бастап С.Нұржанов кен орнында күкіртті сутектің көп мөлшері бар ұңғымалар жұмысын тоқтату бойынша кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Сол арқылы жағылған газ құрамындағы күкіртті сутек 2,5-тен астам есеге азайды. Басқосу кезінде А.Айдарбаев газ-химия кешенінің құрылысы жобасының жүзеге асуына ерекше тоқталды.

– Жобаны іске асыру «Біріккен Химия корпорациясы» компаниясына тапсырылғанымен компанияда қажетті мамандардың болмауына байланысты ағымдағы жылдың басында жобаны Ұлттық компанияға тапсыру туралы шешім қабылданды. Бүгінгі таңда ел экономикасы үшін үлкен маңызға ие аталған жоба бойынша есім байқалады. Өйткені, екі ірі жоба – Теңіз бен Қашағаннан алынатын шикізаттан полипропилен мен полиэтилен өндірімек. Сондықтан бұл жоба бойынша жұмысты әрі қарай жалғастыра береміз, – атап өтті Ұлттық компания басшысы.



Алқалы жиында «Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Имер Боннер, NCOC компаниясының қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау директоры Е.Марабаев, Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Ғ.Амантурлин, «КРІ» компаниясының Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Қ.Оразбаев, «КазТрансОйл» АҚ-ның Атырау мұнай құбыры басқармасының басшысы С.Рзиевтер өз компанияларында атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде баяндады.

ҚМГ ҰК Басқарма Төрағасы жиналған жұртшылыққа жаңадан тағайындалған Ұлттық компанияның Сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директоры Е.Қайыржанды және Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Д.Хасановты таныстырды.

Жиынды қорытындылаған ҚМГ ҰК басшысы сатып алу рәсімдерінің сапалығын, еншілес және тәуелді компаниялар басшыларының жауапкершілігін арттыруды, шығындарды оңтайландыруды, қаражатты тиімді игеруді, Атырау қаласының экологиясын жақсарту үшін арнайы мамандарды тартып, сараптама жүргізуді, халықаралық операторлар үлгісінде ұжымдық мәдениеттің жоғары стандарттарын енгізуді тапсырды.





СЭД: единая система и эффективная интеграция

оперативность принятия управленческих решений. В некоторых компаниях вообще нет электронного документооборота. Вдобавок используемая сейчас в КМГ СЭД «Lotus» не развивается, так как она не отвечает требованиям современного документооборота».

Еще одной предпосылкой для реализации проекта является переход АО «Самрук-Қазына» с 1 января 2019 года на безбумажный электронный документооборот. В этом смысле КазМунайГаз, как одна из ведущих портфельных компаний Фонда, разумеется, не должен оставаться в стороне.

Периметр данного проекта достаточно широкий. Со следующего года электронный документооборот по таким процессам как делопроизводство, корреспонденция, договоры, проектная документация, заседания Правления будет внедряться в головной компании КМГ, Общем центре обслуживания по ИТ, Павлодарском нефтехимическом заводе и «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.». В 2019-2020 годы планируется охватить 13 компаний группы КМГ и в дальнейшем СЭД будет распространена на все ДЗО КМГ.

По результатам проекта ожидается снижение затрат на техподдержку при внедрении

единой СЭД по группе компаний КМГ. Повысится прозрачность контроля за исполнительской дисциплиной и скорость передачи документов между организациями. Будут обеспечены безбумажный документооборот, единые взаимосвязанные процессы делопроизводства и единые правила документооборота. Немаловажно, что будущая система будет интегрирована с внешней СЭД Фонда «Самрук-Қазына».

Во время стартового совещания было подчеркнуто, что для успеха данной инициативы Трансформации требуются вовлеченность в процесс внедрения изменений и поддержка проектной команды со стороны заинтересованных лиц и работников указанных компаний.

После официальной части совещания обсуждались вопросы практического взаимодействия участников во время реализации и после завершения проекта. В программу мероприятия также вошла лекция на тему: «Как не провалить внедрение СЭД в организации».

Материал подготовлен командой Трансформации АО НК «КазМунайГаз»

13 декабря 2018 года в АО НК «КазМунайГаз» состоялось стартовое совещание по проекту Программы трансформации «Внедрение системы электронного документооборота».

на единые правила документооборота КазМунайГаза, а также закрепить ответственность за создаваемой рабочей группой по проекту.

Как отметил Спонсор проекта, Управляющий директор по информационным технологиям, трансформации и цифровизации КМГ Дмитрий Салов, необходимость внедрения единой системы документооборота, в первую очередь, продиктована новой организационной структурой компании. «Проведенный по ряду ключевых ДЗО анализ выявил разрозненность систем СЭД в разных компаниях. Это влечет существенные затраты на техподдержку. Во многих компаниях группы КМГ отсутствует обмен электронными входящими/исходящими письмами. Документы все равно дублируются в бумажном виде из-за чего сокращается скорость их доставки, соответственно снижается

Цель мероприятия проинформировать представителей дочерних организаций, входящих в периметр проекта, о статусе работ, презентовать общий подход к внедрению системы электронного документооборота (СЭД), рассказать о дальнейших планах по переходу



Артықшылықты акцияларды KASE-де сатып алу бойынша сегізінші арнаулы сауда-саттықтың ҚОРЫТЫНДЫСЫ



2018 жылдың желтоқсанның **4-і** мен **20-ы** күндері аралығында арнаулы сауда-саттық өтті

Қорытынды бойынша **27 471** артықшылықты акцияны сатуға өтініштер қанағаттандырылды



Сатып алудың жиынтықты сомасы — **351 628 800** теңге

17 тамыздан бастап **20** желтоқсанға дейін **14 383 424 000** теңгеге барлығы **1 123 705** акция сатып алынды



Бағдарлама 2019 жылдың 30 қаңтарына дейін жалғасады.



«Қаражанбасмұнай» АҚ «Парыз» сыйлығын иеленді

11 желтоқсанда Астана қаласында ЭКСПО Конгресс орталығында өткен «Индустрияландырудың екінші бесжылдығы: Қазақстанда жасалған» телекөпірі барысында «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарының жеңімпаздары марапатталды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев қатысқан шарада еліміздегі бірқатар кәсіпорындарға аталған сыйлықтар берілді. Оның ішінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» сыйлығының «Үздік ұжымдық шарт» аталымының ірі кәсіпкерлік субъектілері бойынша «Қаражанбасмұнай» АҚ жеңімпаз деп танылды.

«Қаражанбасмұнай» АҚ – еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі компанияларының бірі. Жыл сайын екі миллион тоннадан астам мұнай өндіретін іргелі ұжымда бүгінде 2300 адам еңбек етеді. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы алтын көпір іспеттес ұжымдық еңбек шарты

аса жоғары маңызға ие. Соған орай биыл шілде айында 2016-2018 жылдарға арналған ұжымдық шартқа қосымша толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Сонымен бірге, қараша айында 2019-2021 жылдарға арналған ұжымдық шартқа қол қойылды. Компания басшылығы мен

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ бірлесе отырып, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы құжатты өзара келісе отырып, маңызды шешім қабылдады. Жүзеге асқан осындай елеулі жұмыс биылғы «Парыз» сыйлығының үміткерлері арасында өткен іріктеуде

лайықты бағасын алып, жоғары марапатқа ие болып отыр.

Салтанатты шарада «Үздік ұжымдық шарт» аталымындағы сыйлықты ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші вице-президенті Сүйіндік Алдашевқа табыстады.



Адал еңбектің жемісі

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында Елордада өткен салтанатты жиында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаев ұлттық компанияның бір топ қызметкерлеріне мемлекеттік марапаттар тапсырды. «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехының 5-ші разрядты операторы Қасен Оңайбаев Мемлекет басшысының Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

Қасен Қабиұлы еңбек жолын 1981 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің «Доссормұнай» МГӨБ-нің Қарсақ кен орнында оператордың көмекшісі болып бастады. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң аталған кен орнында жұмысын жалғастырып, екінші, үшінші, төртінші разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып қызмет етті.

1990 жылдары оның басшылығымен операторлар бригадасы ұңғымалардағы топтық өлшем қондырғысы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен қатар ол қысыммен жабдықталған мұнай мен газ сепараторын және басқа да қондырғыларды орнатуға атсалып, мұнай өндіру жоспарын орындауға үлкен үлес қосты.

Қасен Қабиұлы 2005 жылдан бастап 1-ші «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехында 5-разрядты оператор болып еңбек етуде. Айта кететін жайт, бұл Оңайбаевтар әулетінің тұңғыш мемлекеттік марапаты емес. Бұған дейін

Қасен Оңайбаевтың әкесі Қаби Оңайбаев екі мәрте 1975 және 1981 жылдары «Еңбек ері» (кейін «Еңбек даңқы» деп өзгертілген) төсбелгісін алған болатын. Бұл – әке салған сара жолды ұрпағының абыроймен жалғап келе жатқанының нақты көрінісі.

Мұнай-газ саласындағы ұзақ жылдар бойғы қызметінде ол өз ісінің шебері екенін аңғартты. Қасен Қабиұлы өндірістік процесті ұйымдастыруда өзін біліктілігі жоғары білікті маман ретінде танытты. Жоғары кәсіптік деңгейі және өз ісіне деген жауапкершілігі оған үздік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ол бар жиған тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, жас мамандарға да тәлімгер болуда. Ұжым арасында құрмет пен беделге ие.

Мұнай-газ саласының дамуына қосқан ұзақ жылдар бойғы еңбегі үшін 2002 жылы Ботахан кен алаңының 20 жылдығына орай «Доссормұнай» МГӨБ-нің Құрмет грамотасымен, 2011

жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Доссор кен алаңына 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

Ел Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясында және өңірлік кәсіподақтар орталықтарында әртүрлі салада жұмыс істейтін еңбек адамдарына құрмет көрсетілді.

Кәсіподақтар федерациясының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен экономиканың түрлі саласында еңбек ететін ең үздік мамандар лайықты наградаларын алды. Соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Кенжеғали Шаңқанов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз!



Кенған Қарынбаев – «Еңбек даңқы» орденінің иегері

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні мерекесі қарсаңында «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері жоғары марапаттарға ие болды. Өндіріс жұмысында елеулі еңбек етіп, маңдай терін төгіп келе жатқан майталман мұнайшыға мерекеде айрықша құрмет көрсетілді.

Егемендік мерекесіне арналған игілікті іс-шарада Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамы машинисі Кенған Қарынбаевқа үшінші

дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін табыстады. Ұзақ жылдардан бері кен орнында табысты еңбек етіп келе жатқан байырғы мұнайшының марапаты «Қаражанбасмұнай» АҚ еңбек ұжымына берілген лайықты баға деуге толық негіз бар. Ел экономикасына айтулы үлес қосып келе жатқан компанияның өркен жаюына Кенған Қарынбаевтың сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Жоғары марапатқа ие болған әріптесіміздің шын жүректен құттықтаймыз!



Тағы бір атаққа ие болды



«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаровқа Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов «Үздік депутат» медалін табыстады. Отан алдындағы ерен еңбектері үшін «Нұр Отан» партиясы белгісімен, «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», «Өзен кенорнына 40 жыл», «Жаңаөзен қаласына 40 жыл», «Өзен кенорнына 50 жыл», «Жаңаөзен қаласына 50 жыл», «Ақтау қаласына 55 жыл», «Қарақия ауданына 45 жыл» медальдарымен марапатталған Мақсат Оңғарбайұлы осылайша тағы бір құрметті атаққа ие болды.

Еліміздегі облыстық және қалалық мәслихаттың тоғыз жүзге жуық депутатының арасынан топ жарған әріптесімізді шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңалыққа жаны құмар



«Өзенмұнайгаз» АҚ Әлеуметтік әкімшілік департаменті аға маманы Мұрат Ақын «Жас тұлпар-2018» облыстық жастар байқауына қатысып, «Жас өнертапқыш» номинациясын жеңіп алды. Мұрат Ақын – инновациялық жобалардың авторы, технологиялық жаңалыққа жаны құмар жан. Ол – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ бойынша үздік инновациялық жобалар байқауының жеңімпазы, «Инновациялық коммуналдық есептеу орталығы» және «Интеллектуалды тербелмелі қондырғы – 16» жобасының авторы.

«Әкем марқұм шебер болатын. Кез-келген дүниені өз қолымен жасап, бұзылған жағдайда өзі ондайтын. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші, мен де бала кезімнен техникаға қызығып өстім. Идея мұқтажыдан туады. Қызмет көрсету саласын оңтайландыру мақсатында цифрландыруға мүмкіндігі бар заманда электронды қызметке көшкен дұрыс деп есептеймін» – дейді Мұрат Ақын.

Инновациялық идеялар шеруі

Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ор-

таны қорғау саласындағы ең үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» байқауының



жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі болып өтті. Шараға ҚМГ-ның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері қатысты.

Конкурстың қорытындысы бойынша 1-ші орынды «ҚазТрансОйл» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және төтенше жағдайлар департаментінің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің менеджері Тастанова Жәния иеленді. Оның идеясы орнықты дамуға көшу жөніндегі тұжырымдаманы ілгерілету ретінде «Жасыл офис» (макулатураны бөлек жинау) бастамасын енгізуді қамтиды. Бұл қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қызметінің бастығы Қайболдиев Бауыржан 2-ші орын алды. Бауыржан қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескертудің тәсілі ретінде жеке турнир картчочкаларына «Олар Сізді үйде күтіп отыр. Қауіпсіз жұмыс жасаңдар» деген жазумен туған туысқандардың суретін салуды ұсынды.

Ал, «KMG Systems & Services» ЖШС СКЭДБ директорының орынбасары Дюзимов Айбек 3-ші орынға ие болды. Айбек Дюзимов ұсынған идея – жерүсті автокөліктерінде дөңгелек сомындары тарту индикаторларын пайдалану. Бұл автокөлік дөңгелектерінде болттардың өздігінен шығып кетуін қадағалауға мүмкіндік береді. А.Дюзимов мұндай талап осындай себептермен болатын жол апаты жағдайларын азайтуға өз септігін тигізетініне сенімді.

Үздік жас мұнайшы

«Өзенмұнайгаз» АҚ №1 МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы Ерлан Тағаев Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған «Жыл үздігі-2018» сайысының «Үздік жас мұнайшы» номинациясын жеңіп алды. Ерлан А.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің түлегі. Англиядағы ЕТС халықаралық колледжінде ағылшын тілін меңгеріп, Назарбаев университетінде кәсіби біліктілігін арттыру курсынан өткен. Ол компаниядағы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Жігіт сұлтаны – 2017» байқауына қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды. «Ой-дода» интеллектуалдық сайысында потенциалы мықты ойыншы ретінде танылып, кезекті ойынның «Үздік ойыншысы» атанды. Жастар саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін қала әкімі, компания басшылығы, «Нұр Отан» партиясының Алғыс хаттарымен марапатталған.



«Жылдың үздік жас мұнайшысы атану, туған жерін дамытуға атсалысып жүрген озаттардың қатарынан көріну – мен үшін үлкен абырой. «Марапат мерей өсіреді» дейді. Жеңіс адамды алға ұмтылдырады, жаңа белестерді бағындыруға күш береді», – дейді Ерлан Тағаев.

Энергетиктер қос мерекені тойлады

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 27 жылдық мерекесіне орай «Өзенэнергомұнай» басқармасында салтанатты жиын өтті. Басқарманың бас инженері Түрікменбай Қасмағамбетов пен кәсіподақ төрағасы Сырлыбай Ерленов әріптестерін Тәуелсіздік мерекесімен және Энергетиктер күнімен құттықтады.

«Өзен кенорнын тұрақты түрде электр қуатымен қамтамасыз етіп, осынау қауіпті салада тер төгіп жүрген барша энергетиктерді азаттықтың мейрамымен қоса келген кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз жана берсін, әріптестер!» – деді Т.Қасмағамбетов.

Өзен кенорнын дамытуда ерекше еңбегімен құрметке бөленіп жүрген бірқатар

мұнайшыларға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғмановтың, басқарма директоры Болатбек Рахмедовтың атынан Құрмет грамоталар мен Алғыс хаттар табысталды.

Мерекелік шарада ҚР Тәуелсіздігі күніне және Энергетика саласы қызметкерлерінің төл мерекесіне орай өткізілген цехаралық жарыстардың жеңімпаздары мен басқарманың спорттық және мәдени-қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген бір топ мұнайшылар марапатталды.

Салтанатты кеш «Өзенэнергомұнай» басқарма қызметкері Нұрлан Бекжановтың орындауында «Ерке сұлқым», «Маңғыстау» күйлерімен, Самат Жұматовтың шырқауында «Көк Тудың желбірегені» әнімен әдіптелді.





«Үздік рационализаторлық жобалар» байқауы



«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Үздік рационализаторлық жобалар» байқауы өтті. Байқауға 10 өнертапқыш қатысып, өз жобаларын қорғап шықты.

Бас директор Жәнібек Нұғмановтың төрағалығымен қазылар құрамында Геология және геофизика департаменті директоры Ахмет Жандосов, Өндірісті дамыту және талдау департаменті директорының орынбасары Ержан Бекжанов, Аймақтық және іздеу геология департаменті директоры Берекет Тоқаев, Персоналды басқару және дамыту департаменті директоры Ермек Көптілеев, Механикалық департаментінің инженер-механигі Аян Жөкеш, Автоматтандыру ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің аға инженері Марк Гайбатовтар болды.

Жас мамандар кеңесі төрағасы Бауыржан Бәйімбетов «шараның мақсаты – озық ойлы жастар шоғырын қалыптастыру, өндірістік мәселелердің шешімін табуға жас мамандарды жұмылдыру және жас көшбасшылардың өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік беру» – дейді.

Жобалардың ішінен өндіріске енгізіліп, тиімділігін

дәлелдеген Әділжан Үсеновтің (№4 МГӨБ) сальник соққыш құралы бас жүлдеге ие болды. I орынды Нұрасыл Оспановтың (№3 МГӨБ) «Excel-B», II орынды Ақжігіт Түйешиевтің (Өндірісті дамыту және талдау департаменті) «Ұңғыны механикалық тазалау», III орынды Қадірхан Есімбетовтың «Планар» құрылғысына өзгеріс енгізу жобалары жеңіп алды.

Бас директор Жәнібек Нұғманов жас мамандарға риясыз алғысын білдірді. «Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді» дейді. Расында да, бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім. Бүгін байқауға қатысып, компанияның өсіп-өркендеуі жолында үлес қосқысы келіп отырған өнертапқыш жастарға қатты риза болып отырмын. Өнертапқыштық дегеніміз – әр нәрсенің сырын ашу. Сырын ашу арқылы оны өз ығымен жүргізу. Сіздер тапқан жаңалықтардың бағасы өндірістегі тиімділігімен өлшенеді. Өздеріңіз сияқты «алтын басты» жастар ел мен Өзен кенорны болашағы үшін қызмет жасау керек» – деді бас директор.

Жүлдегерлер диплом мен қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«Argumak Trans Service» ЖШС ұжымдық шартқа қол қойды

2018 жылғы 30 қарашада «Argumak Trans Service» ЖШС-де 2019-2021 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. Ұжымдық шартқа Жұмыс беруші тарапынан Серіктестіктің президентінің міндетін атқарушы Құлшықов Шаттық, Жұмыскерлер атынан Кемелханов Азанбай және Отарбаев Ноябрь қол қойды. Өз

кезектерінде мекеме басшылығы да, жұмыскерлер өкілдері де аталмыш құжаттың қазіргі таңдағы экономикалық жағдайда Серіктестік жұмыскерлері үшін әлеуметтік кепіл болып табылатынын, барынша жетілдірілген қазіргі нұсқасының әлеуметтік тұрақтылық жолында үлкен маңызы бар екенін атап өтті.



Арал ақиқаты адамзатқа аса таныс. Кезінде оның теңіз боп дәуірлегені, кейін суы тартылып, табаны құрғап, күллі әлем экологтарының үдере назар аударғаны да белгілі. Қазіргі хәлі керемет деуге келмес. Дегенмен, кіші Аралды толтыру жұмыстары билік тарапынан қолдауға ие. Қала берді Арал проблемасына Орта Азия елдері де жіті назар аударып, түрлі форумдар өткізіп, бастамалар көтереді.

Белгілі айтыскер ақын Бекұзақ Тәңірбергеновтің де «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деп жырлауы да тегін болмаса керек. Сол айтқандай, бұл өңірден талай атпал азаматтар шықты. Әрқайсысы өз саласының үздігі. Бүгін Арал қаласында өмірге келген егіз балалар Ғалымжан, Рахымжан Үргенішбаевтар туралы айтқымыз келеді. №62 қазақ орта мектебінде білім алып, 2002-2007 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата Мемлекеттік университетінің «Мұнай және газды игеру

және пайдалану» мамандығын тәмамдап шығады.

Қызылорда облысының экономикасына елеулі табыс әкеліп, әлемдік қара алтын нарығындағы белсенді «Қазгермұнай» компаниясы әркез жаңашыл, білімді мамандарды қатарға қосуға даяр. Бұл ретте өз мамандықтарын үздік бітіріп, кәсіпке араласуға құлшынған қос ұлан аталған компанияның мұнай өндіру учаскесінің операторы ретінде жұмысқа орналасады. Бұл 2007 жыл болатын. Екеуі де шаруаға белсене араласып, күні-түні тынбай еңбек етіп әріптестер арасындағы білікті маманға айналады. Әрине, пайдалы жұмыс істеудің оң нәтижесі екі ретте айқын көрініс берсе керек. Біріншісі – әлбетте, өзі үшін. Тәжірибесі шындалады, шеберлігі жетіледі, өз-өзіне деген сенім пайда болады. Бұл саланы бекер таңдамағанына айқын көз жеткізеді. Жұмыстарын құлшына істеп, түрлі ой-идеяларды өндіріске енгізе бастайды. Жұмыс істегеннен шаршамайды. Керісінше,

Еңбекқор егіз

сол жұмысты шабыттана істеу арқылы демалады. Тынысы кеңі түскендей барақат күй кешеді. Бұл ішкі сезімнің бәрі Ғалымжан мен Рахымжанға жақсы таныс. Қызметке араласқан күннен бастап жұмыстары жүрді, соған сай абыройлары да артты. Ал, екінші көрініс – жақсы істелген шаруаның жалпы ұжымға оң әсер тигізуі. Сен істеген жұмыс мекеме беделінің жоғарылауына септігін тигізсе, жалпы өнімнің арта түсуіне көмек берсе, басшылар бетіңе айтпаса да саған сырттай сүйсіне, бұл – үлкен олжа. Егіз жігіт мұндай сүйіспеншілікті де анық аңғарды. Бірақ босаңсыған жоқ. Жауапкершіліктерін сәт өткен сайын арттыра түсті. Себебі, өндірісте, оның ішінде мұнай компаниясында еңбек ету босандықты кешіре бермейді. Өйткені, мұнай – дәл қазіргі сәтте күллі әлем араласып отырған аса алып бизнес.

Баланың шаруасы дөңгелесе, ата-ананың мерейі өседі. Бұл тұрғыда егіз жігіттің әкешесі Абдулхамит Ахметов пен Зәуре Боранқұлова мақтана алады. Ол кісілер де экономика мен шаруашылық салаларында тер төккен, абыройлы ардагерлер. Әкесі Арал ауылшаруашылығы мекемесінде бас экономист, балық шаруашылығы мекемесінде бас маман, аң шаруашылығында инспектор, халыққа қызмет көрсету орталығында басшы қызметтерін атқарған жан. Анасы да ауылшаруашылығы мекемесінде агроном, шегірткемен күрес мекемесінде директор болып жұмыс жасаған. Егіз ұлдан кейін Бақытжан есімді тағы бір ұл бар. Жалпы, үйде үш ағайынды.

Қазір Ғалымжан да, Рахымжан да берекелі отбасын құра алған салауатты отағасы. Отбасыларына да көңіл бөліп, шаруашылықты да шырқ үйіріп, қызметтің де ұңғыл-шұңғылын қалт жібермей қадағалап, 10 жылдан астам

уақыт бойы алпауыт компанияда абыройлы еңбек етіп келеді. Олар алғашқы жұмысқа тұрған сәтті былай деп еске алады.

«Алғаш жұмысқа тұрған жылдары күндізгі-түнгі ауысымдарда қызмет істейтін едік. Мен күндіз мұнайды жинау ыдысынан мұнай таситын цистернаға құйып жіберемін де, түнгі ауысымды егізім Рахымжанға тапсырып кетемін. Ол дәл солай түнде келген мұнай тасушы көлікке құяды. Бір күні көлік жүргізушісі маған: «Осы сен демалмайсың ба? Күндіз келсем де, түнде келсем де жұмыс істеп жатасың?» дейді таңырқап. «Иә, дем алмаймын. Күндіз де, түнде де ұйықтамай жұмыс істеймін» дедім. Сөйтсем, әлгі кісі тіптен таңғалып, не айтарын білмей абдырап қалыпты. «Бұл мүмкін бе?» деп дағдарып қалғаны ғой. Сосын іле-шала әзіл екенін, шын мәнінде егізімнің бар екенін айттым» дейді Ғалымжан.

«Жұмысымызды сүйіспеншілікпен атқарамыз. Сонда ғана нәтиже болады. Бүкіл ұжымға жақсы әсер тигізесің. Қазір бәсекелестік өте жоғары. Біздің мамандықты игеріп, өндіріске араласып жатқан жастар көп. Әрине, бәсекең болуы адамды тек жақсы жағына қарай шыңдайды. Өсіреді. Мен елімнің өндірістік, экономикалық әлеуетіне сенемін. Біздің компания алға қойған мақсаттарды орындап, биік белестерден көрінеді деп сенемін» дейді олар.

Мұнай саласында еңбек етіп келе жатқан әріптестерімізді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Баршамыз жаңа жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз. 2018 жылы қол жеткізген оң нәтижелеріңіз жалғасын таба берсін, мерейлеріңіз үстем, алар асуларыңыз көп болсын!

Алтын ОҢТАЛАПҚЫЗЫ

Жоспар айқындалды

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның HR-мамандары қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу мәселелері жөніндегі жыл сайынғы дәстүрлі форумда осы жылдың қорытындылары мен 2019 жылға жоспарларын талқылады.

Шараға басқару аппараты мен барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Аталған форум аясында жыл сайын кадр саласының мамандары алда тұрған мәселелерді талқылап, алдағы жоспарларды айқындайды. Мұнай бағасының тағы да түсуі мен бас компанияның алдағы уақытта IPO-ға шығуы компания алдына жаңа міндеттерді жүктеп отыр.

Шара барысында 2018 жылдың қорытындылары туралы барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің HR-бөлімдерінің жетекшілері есеп берді. Есептік баяндамаларда қызметкерлерді оқыту мен дамыту, кадрлық басқару, жұмысшылардың сандық және сапалық құрамы, еңбекке ақы төлеу және реттеу мәселелері бойынша мәліметтер келтірілді. Соның ішінде, еңбекке ақы төлеу және реттеу, дуалдық оқыту, мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу қорытындылары мен басқа да мәселелерге ерекше назар аударылды.

ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова форумға қатысушыларға ағымдағы жылдың сәуірінде 10 жылдық мерзімге қабылданған ЕМГ-нің даму тұжырымдамасы аясындағы «Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеудің 2017-2027 жылдарға арналған функционалдық



стратегиясының» орындалу барысы туралы баяндады.

Форум соңында кадр қызметінің есебі бойынша қорытындылар шығарылды. Ал, Компанияның HR-бөлімдерінің үздік қызметкерлеріне Құрмет грамоталар табысталды.

Атап айтсақ, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің еңбек және жалақы бөлімінің басшысы Гүлшат Сарекенова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімі

бастығының орынбасары Әлия Талпақова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің кадрларды даярлау жөніндегі инженері Нұргүл Нұрғалиева, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің кадрларды даярлау жөніндегі инженері Естай Мамбетов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу тобының кадр жөніндегі 2-санатты маманы Райхан Балғымбаева марапатталды.



Компания мақтаншы

жолын бастады. 1993 жылдан бері кадр саласында жемісті еңбек етіп келеді. Компаниядағы аса маңызды болып саналатын кадр саласында 25 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан Майра Жауымбайқызы қандай марапатқа да лайық. Кадр жұмысы өте күрделі. Кадр маманы тек қана персоналға қатысты жұмысты атқарып қоймайды. Әрбір маманмен жеке түрде сұхбат жүргізеді. Заманауи кадр маманы психология және социология негізін білуі тиіс. Келісімшартқа байланысты немесе лауазымдық нұсқаулыққа байланысты сұрақтар туындағанда заң аясында жауап беріп, заңдық тұрғыда әрекет жасауы керек. Заман талабына сай персоналды бағалау әдістерін жетік меңгеруі шарт.

Бүгінгі жұмысы туралы «кадр маманы ең алдымен психолог болуы керек. Көпті білектің күшімен, азды тілінің ұшымен ұстауға тура келеді» – дейді Майра.

Іскер жанның әр күні есептеулі, сағаты санаулы. Жұмысы өзіне ұнайды. Өз ісіне деген махаббат оны ұжым арасында сыйлы етті. Ізет, сыпайылықты ана сүтімен сіңірген Майра Жауымбайқызы жұмысына аса жауапкершілікпен қарайды.

Кезінде өзімен жұмыстас болып, кадр мамандығының қыр-сырын бүге-шігесіне дейін үйретіп, өзіне бағыт-бағдар беріп, бүгінде зейнеткерлікте еңбегінің жемісін жеп отырған Ақжан Қадымова, Бәтима Орынбаева, Балиба Күзенбаева, Тамара Ағабекова, Рабиға Манасоваларды ол сағынышпен еске алады. Жанна Жакупова, Нұржамал Баймышевтер сынды жақсы жандармен сыйласып жұмыс істеді.

Персоналды басқару және дамыту департаменті директоры Ермек Көптілеев «Адамды істеген ісінен білесің. Майра Жауымбайқызы – жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, өз жұмысынан ләззат алатын жан. Таудай табыс пен мол нәтижеге әріптесіміз өзінің еңбегімен жетіп отыр. Биыл 50 жылдық мерейтойын атап өткен Өзеннің құрдасын бас директордың транспорт және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы мерейтойлық төсбелгімен марапаттады» – деді.

Зиялы, ішкі мәдениеті мол, ер жүгін арқалаған Майра Жауымбайқызы сияқты мамандар компания мақтаншы екені сөзсіз.

«Сен күлсең, әлем күледі»

Оқушылар шығармашылық үйінде «Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Сәлемдесу», «Әріп әлеміне саяхат», «Үй тапсырмасы» атты 3 турдан тұратын Жайдарман ойынының «Сен күлсең, әлем күледі» атты тақырыпта финалы өтті.

Ойын жүргізушісі Арғынбек Қалбай шара шымылдығын ашып беру үшін сахнаға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаровты шақырды.

«Құрметті әріптестер! 10 команда қатысып отырған күлкі мерекесіне қош келдіңіздер! Жайдарманшы жігіттер тек қала көлемінде емес, «Өзенмұнайгаз» құрама командасы болып «Жайдарманның» Жоғарғы Лигасына қатысып, компаниямыздың рейтингін көтеріп жүр. Дәрігер-мамандар адам баласы шын күлген сәтте қан тамыры кеңейіп, жұмысы жақсара түсетінін айтады. Біле білсеңіз, күлкі – психологиялық қару. Көңілді жандар – компания көркі. Әдемі қалжың мен астарлы әзіл шеберлеріне сәттілік тілеймін. Ду қол шапалақтап, шараның соңына дейін қолпаштап отырайық» деді Мақсат Оңғарбайұлы өз сөзінде.

Ойында командалар №1 МГӨБ+ХжЭБ, №2 МГӨБ + ӨЭМБ, №3 СҚКБ+ ТТБ, №3МГӨБ+№2 СҚКБ, МӨҚЖТКЖБ+АжТБ болып жұптастырылды. Экс-жайдарманшы

Мақсат Оңайбаев, коммерциялық сұрақтар жөніндегі атқарушы директор Алмас Сәрсенбаев, Персоналды басқару және дамыту департаменті директоры Ермек Көптілеев, Әлеуметтік әкімшілік департаменті директоры Тарас Алуеуединов, «Жаңаөзен» қалалық газетінің бас редакторы Гүлназ Бөлекбаевалар ойыншылардың өнерін тамашалап, қазылық жасады.

Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебайға жастарды қоғамдық ортаға тартып, жастар саясатын қолдап, тұңғыш рет кәсіпорындар арасында жайдарман лигасын құрып, оның ілгерілеуіне атсалысқаны үшін «Қазақстан КВН Одағы» Республикалық жастар қоғамдық бірлестігі президентінің Алғыс хаты табысталды. Мақсат Оңайбаев тіршіліктегі ірілі-ұсақты мәселелерді түйреген әзілкештерге алғысын білдіре отырып, кей кездері ұйықтап қалатын сәттердің болғанын айтты. Гүлназ Бөлекбаева мұнайшылардың тілдік қорының жұтандығына қынжылыс білдіре отырып, оларды көркем әдебиет оқуға шақырды...

Бас жүлдені №2 МГӨБ + ӨЭМБ, I орынды №3 МГӨБ+№2 СҚКБ, II орынды МӨҚЖТКЖМ+АжТБ, III орынды №3 СҚКБ+ХжЭБ командалары жеңіп алды. Ойынның «Үздік ойыншысы» болып Нұрсұлтан Нұрғалиев танылды.





Жасыл алаңда – теңбіл доп



Ембілік мұнайшылар – көш басында

Футзалдан «Ембімұнайгаз» АҚ командасы ҚР біріншілігі 1 лига командалары арасында аймақтық кезеңнің жеңімпазы атанды. Аймақтық кезең турнирінде «Атырау» командасымен өткен алғашқы кездесу 1:0 есебімен аяқталды. Ойын тағдырын шешкен жалғыз голдың авторы – Бекназар Ақмұрзиев. Келесі күні ембіліктер «Құлагер» командасымен кездесті. Бұл ойында есеп ашылмай, командалар тең тарқасты. «Өмірзақ» командасымен өткен байрақты бәсекеде мұнайшылар командасы 3:2 есебімен ба-

сым түсті. Аймақтық кезеңдегі үш ойында бірде-бір жеңіліс таппаған ембіліктер 2019 жылдың наурыз айында өтетін республикалық турнирдің ақтық сынында Атырау облысының намысын қорғайтын болады. 5 ұпай еншілеген «Құлагер» екінші орынды, 3 ұпаймен «Атырау» үшінші орынды иемденді.

Сонымен қатар футболдан Атырау қаласының ашық біріншілігінің алғашқы турында ЕМГ командасы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС командасын 6:0 есебімен ойсырата ұтты.

Шара мақсаты – ұжымдық рухты нығайту

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай желтоқсан айының 14 жұлдызы күні «KMG EP-Catering» ЖШС мен дене шынықтыру-сауықтыру кешені қызметкерлері арасында интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып, жоғарғы деңгейде өтті. Бұл шараның басты мақсаты – қызметкерлердің арасындағы ұжымдық рухты қалыптастыра отырып, ауызбіршілікті нығайту.

Белсенді ойыншылар мен жанкүйерлер басын қосқан интеллектуалды шара «KMG EP-Catering» ЖШС-нің дене шынықтыру сауықтыру кешенінің басшысы Таумуринов Рзағалидың құттықтау сөзімен ашылды.

Серіктестік қызметкерлері сыңға түскен бәсекеде бес ойыншыдан тұратын бес команда болып ойын көрсетті. Қатысушылар «Ән әлемі», «Спорт жарысы», «Мықты болсаң, тауып көр», «Оқы, оқы және оқы», «Кино», «Әлемге саяхат» атты тақырыптар бойынша билет таңдау арқылы логикалық сұрақтарға жа-

уап берді. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша 1,2,3 орындар анықталып, оларға арнайы дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Тартысты әрі қызықты өткен шарада ептілік танытып, бірінші орынды «Алатау» командасының ойыншылары иемденді. Ойын барысында спорттық шараға белсене қатысқан «Отпан» командасының ойыншылары екінші орынды, «Арлан» командасы үшінші орынды иемденді.



Жас мамандар кеңесі жылды қорытындылады



«Кез келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тұрмыс-тіршілігіне қара» – деген сөз бар. Құрылғанына 5 жыл болған «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Жас мамандар кеңесі жиналыс өткізіп, 2018 жылды қорытындылады.

Жас мамандар «Жайдарман», «Ой-дода», «Жігіт сұлтаны», «Өзенмұнайгаз аруы», «Үздік рационализаторлық жобалар» және басқа да байқауларды өткізіп, компания жастарының ауызбіршілігінің нығаюына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Олар Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 толуына орай театрландырылған көріністер байқауын және Маңғыстау облысы бойынша 8 команда қатысқан спартакиада ұйымдастырды.

Отпан таудың басында бірлік пен мейірім мерекесі – Аман мерекесіне атсалысты. Ұлыстың Ұлы күні рухани байланыс пен

бауырластықты нығайту мақсатында Орынбор, Астрахань, Қорғаннан сауын айтып, қандастарымызды қонаққа шақырды.

«Болашақ жастарда» деген Сократтың сөзі әлі өзгерген емес. Адамды алға жетелейтін арман екенін сол ойшыл айтқан... Жастың көңілі қашанда көкте болады.

Дүниенің парқын танитын, көзі ашық, көкірегі ояу жастарымыз көп болса, нұр үстіне нұр болар еді!

Өзенмұнайгаздық жас мамандар ұстанатын принцип: «Шамаң жетсе, уақыттан оза жүр, жетпесе қатар жүр, бірақ еш уақытта заманыңнан қалма!»

Салтанатты жиында ЖМК алғашқы төрағасы Асқар Ноғай мен қазіргі төрағасы Бауыржан Бәйімбетов белсенді жастарға бас директор Жәнібек Нұғмановтың Алғыс хаттарын және имидж өнімдерін табыстады.

Ой түрткі

Нәрестеге ат қоярда ойланыңыз

Ата-ананың өз перзенті алдында бес парызы бар көрінеді. Соның бірі баласына заманға сай есім беру. Бұл мәселеге атүсті қарауға мүлдем болмайды. Балаға ат қою – аса маңызды рәсім. Тілді түзеу, тіл мәдениетін жетілдіру сәбиге ат қоюдан басталады. Біз көп жағдайда Бақыт, Жеңіс, Бейбіт, Сапар, Ардақ секілді есімдерді қыз адамдарға қоя береміз. Арнаулы мамандардың пайымдауынша, мұндай есімі күрделі адамдардың тағдыры күрделі шиеленіскен оқиғаларға толы болып келеді екен. Менің қызымның сыныптасы үнемі біздің үйге келіп жүретін. Бір күні әлгі балақайдан есімін сұрасам Индира болып шықты. Үйіміздің

жанында азық-түлік дүкені бар. Оның атауы «Аида». Содан бұл есімдер қандай мағына береді екен деп орталық кітапханаға барып, кітап ақтарайын... Сөйтсем, Индира – үнді әйелдерінің тәңірі, ал Аида – гректердің әйел тәңірінің аты. Бұл – Ислам дінінің шартына қарсы. Көршімнің сүп-сүйкімді қызының аты – Венера. Бұл – ежелгі Римдегі махаббат, сұлулық тәңірісі. Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бұл атаулардың біздің балаларымызға қатысы қанша? Шаранаға азан шақырып ат қоярда, бұл есім қандай мағына береді деп неге бас ауырғандымыз?! Қазақ малға ат қоюға келгенде, оның түр-түсіне, мінезіне ерекше назар

аударды. Ал, өзі дүниеге әкелген адам баласына келгенде, қалай болса, солай қарайтыны өкінішті. Ат адамның абыройы екенін неге ұмытамыз. Психолог-мамандар «ат қою – өте маңызды іс, өйткені бұл адамның тағдырына әсер етеді» – деп жазады.

Қазақ – ырымшыл халық. Баланың атын қалай болса, солай ұйпалақтап қоя салса, тіл-көзден аулақ болады деп сенеді. Азып-тозған жоқшылықта дүние есігін ашқан нәрестелерге Боқты, Битті, Құртты, Қылшық деген таңбалы есім тағу жарық дүниені анық көретін қазаққа бұйым болмаған. Наурызда туған бала Наурызбай, іңірде

туған бала Іңірбай, қауындықта туған бала Қауынбай боп кете береді. Ғайыптан тайып түйенің қомында дүниеге келсеңіз, Түйебай болуыңыз ғажап емес. Біздің қазақта Спартак, Дияс, Рафаэль деген халықаралық есімдер де бар. Карл, Марк, Эдик, Кармелита, Аделья, Арсен, Жизель деген есімдер де қазақ үшін таң емес.

Әдемі есім Сіздің балаңыздың «визитная карточкасы» екенін ұмытпаңыз.

Сариа СҮТІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz
Бибігүл Бәбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmgep.kz
Жанкелді Қаржан – Z_Karzhan@kbm.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30